

**"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 ақпандағы N 106 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қ а з а қ с т а н**

**Р е с п у б л и к а с ы н ы ң**

**З а ң ы**

**"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

**1-бап.** "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 144-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс е н г і з і л с і н :

9-бап "депутаттардың сауалдарын қарау тәртібі," деген сөздерден кейін " мәслихаттағы депутаттық фракциялар мен топтардың өкілеттіктері, ұйымдастырылуы мен қызметі, олардың жұмысын қамтамасыз ету," деген сөздермен толықтырылсын;

21-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің фракциялары мен депутаттық топтары түрінде депутаттық бірлестіктер к ұ р у ғ а ; " ;

мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Мәслихаттардағы депутаттық бірлестіктер

1. Мәслихат депутаттары саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер фракциялары түрінде депутаттық бірлестіктер, депутаттық топтар құруға құқылы. Сессияның, тексеру комиссиясының төрағалары және мәслихат хатшысы депутаттық бірлестіктерге к і р е а л м а й д ы .

2. Фракция - заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияны немесе өзге де қоғамдық бірлестікті білдіретін депутаттардың ұйымдасқан тобы, ол мәслихатта тиісті саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің мүдделерін білдіру мақсатында құрылады. Фракция мәслихаттың кемінде бес депутатын біріктіруге тиіс. Депутаттың тек бір ғана депутаттық фракцияда болуға құқығы бар.

3. Депутаттық топ - депутаттардың сайлау округтерінде өз өкілеттіктерін, бірлескен жұмысын жүзеге асыруға арналған бірлестігі. Депутаттық топтың құрамында мәслихаттың кемінде бес депутаты болуға тиіс.

4. Депутаттық фракциялар мен топтарды тіркеу мәслихат сессиясында жүзеге асырылады, келіп тіркелу тәртібімен жүргізіледі және тек ақпаратты сипатта болады.

5. Мәслихаттағы депутаттық фракциялар мен топтардың өкілеттіктері, ұйымдастырылуы мен қызметі, олардың жұмысын қамтамасыз ету мәслихат регламентінде белгіленеді."

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*